**Бекітемін:**
**МКҚК «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:_____________ Ж. Балгабаева**
**30 қаңтар 2026 жыл**

**Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы**
**Топ: "Балапан" ортаңғы тобы**
**Балалардың жасы: 3жастан**
**Педагогтың аты-жөні : Убайдуллаева Г.Т**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Ақпан айы 2026 жыл 1 апта**

**Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы**
Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы
Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.02.2026 ж | Сейсенбі 03.02.2026 ж | Сәрсенбі 04.02.2026 ж | Бейсенбі 05.02.2026ж | Жұма 06.02.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Шеңбер» Шеңберде тұрып асықтарды дәлдеп ату дағдыларын дамыту, көз координацияларын дамыту.Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден шықпай қалған асықтар қайта орнына қойылады.**Бір тұтас тәрбие** | «Қол күрес» ойыны Балалардың қол бұлшықеттерін нығайту.Белгі берілгеннен кейін (мысалы, төрешінің "Бастаңдар!" деген сөзімен) ойыншылар қолдарын қарсы бағытта итере бастайды. Ойыншы қарсыластың қолын үстелге тигізгенде жеңімпаз атанады. **Бір тұтас тәрбие** | Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б Шығармашылық дағдылар. Қайық» Тілді жалпақ етіп, ауызда «қайық» сияқты ұстайды. Сосын тілді жиырып, жіңішке қылып қайта шығарады. **Қазақ тілі** | Артикуляциялық жаттығулар: «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек.<br>«Тауық»<br>Бала тілімен таңдайын соғып, «қыт-қыт-қыт» дыбысын айтады.<br>Бұл жаттығу тілдің жоғарғы бөлігін белсендіреді.<br>**Қазақ тілі** | "Қоқысты дұрыс жина"Балаларға қоқысты сұрыптау дағдыларын үйрету.<br>Экологиялық тәрбие беру.<br><br>Қағаз қоқыстар, пластик бөтелкелер, ойыншық қалбырлар.Үш себет (қағаз, пластик, металл деп белгіленген). Балаларға қоқыстың дұрыс сұрыпталуының маңызын қысқаша түсіндіріңіз. Қоқыстарды жерге шашып қойыңыз.<br>Әр бала кезек-кезек қоқыстарды тиісті себетке салады.<br>**Экологиялық тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы*** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Қазақ тілі**<br>Тақырып: «Теңіздер мен мұхиттар»<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Балаларды теңіз тақырыбындағы суреттермен, ойыншықтармен (балық, кеме, дельфин) таныстыру.<br>Балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>«Те-ңіз», «му-хит», «ба-лық» сөздерін анық, дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Тәрбиешінің сөзін мұқият тыңдап, қайталап айту. **Сөздік қор** Теңіз, мұхит, балық, кеме, толқын.<br>**Грамматикалық құрылым**<br>Үлкен теңіз.<br>Көк мұхит.<br>Балық жүзеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Бұл не?<br>Теңізде не жүреді?<br>Балалар жай сөйлеммен жауап береді.**Ойын**<br>**AR Loopa қосымшасы (3D модельдер)**<br>Балалар теңіз жануарларының 3D модельдерін қарайды, атауын айтып, жай сөйлеммен сипаттайды | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Балалар қолдарын жоғары, алға, екі жаққа кезекпен көтеріп, түсіреді.<br>Қолды кеуде тұсында айқастырып, екі жаққа жазады.<br>Отырған қалыпта оңға және солға бұрылады.<br>Жаттығулар 5–6 реттен, бірқалыпты орындалады.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша қайта сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар**<br>Таныс жаттығуларды баяу музыка ырғағымен орындау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім тез сапқа тұрады?»<br>Балалар белгі бойынша өз орнын табады.<br>**Қосымша қимылды ойын**<br>«Жалаушаны тап»<br>Залда қойылған белгіге жүгіріп бару.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар** | **Музыка**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларды музыка әуенімен шеңберге жинау.<br>Музыка жетекшісі балалармен амандасып, сабаққа назарын аударады.<br>**Музыка тыңдау**<br>Түрлі сипаттағы (жай, көңілді) әндер тыңдатылады.<br>Балалар музыканың көңіл күйін қабылдайды, мазмұнын түсінуге бағытталады (көңілді ме, баяу ма екенін ажырату).<br>**Ән айту**<br>Ән аспаптың сүйемелдеуімен орындалады.<br>Балалар музыка жетекшісіне ілесе отырып ән айтуға үйренеді.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыка ырғағына сай:<br>– денені шайқау<br>– алақан соғу<br>– қимылдарды эмоциямен орындау<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Барабанмен таныстыру.<br>Барабанның дыбысын тыңдау.<br>**Қоштасу кезеңі**<br>Музыканы баяулатып, балалармен қоштасу<br><br>Вартивтік компонент<br>Хореография | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Затты бір қолдан екінші қолға беру.<br>Затты алдына, артына апару, басынан жоғары көтеру.<br>Алға және екі жаққа еңкею.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br>Саптағы арақашықтықты сақтау.<br>**Ырғақтық жаттығулар**<br>Музыкамен қадамдап жүру және тоқтау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Орнынды тап»<br>Балалар шеңберден сапқа, саптан шеңберге ауысады.<br>**Қосымша ойын**<br>«Кім мұқият?»<br>Тәрбиешінің қимылын дәл қайталау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Киінгенде киімін түзетуге үйрету. | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Шалқасынан жатып аяқты көтеру және түсіру.<br>Аяқтарды кезекпен қозғалту.<br>Отырып құм салынған қапшықты аяқтың бақайларымен қысып ұстау.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Шеңберге тұру, шеңбердегі өз орнын табу.<br>**Ырғақтық жаттығулар**<br>Қол мен аяқ қимылдарын музыкамен үйлестіру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Шеңберді сақта»<br>**Қосымша ойын**<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Белгіге қарай қозғалыс өзгерту.<br>**Салауатты өмір салты**<br>Қимылдың денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелеу.<br><br>Вартивтік компонент<br>Хореография |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Варативтік компонент<br>Хореография | Тамақ алдында қол жуу, жеке орамалмен сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру**<br>Жеңіл киіммен қозғалу, бөлмені желдету. | | | |
| | «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту (әрекеті):**<br>– Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: баяу сөйлеу<br>– «Теңіз тыныш», «Толқын баяу қозғалады» деп айту<br>– Сөздік қор: үлкен–кіші, көк, терең<br>**Көркем әдебиет (әрекеті):**<br>– «Кішкентай балық теңізде» қысқа әңгімесін тыңдау<br>– Кейіпкерге жанашырлық таныту, «Балыққа көмектесейік» ойыны<br>**Қазақ тілі (әрекеті):**<br>– Сөздерді тыңдау және түсіну: су, теңіз, балық<br>– Сыпайы сөйлеу: «берңізші», «рахмет»<br>– «Бұл не?» – «Бұл балық» диалогы<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері (әрекеті):**<br>– Балықтарды санау, қосу және алу<br>– Тең – тең емес | Теңіздегі тіршілік иелері<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту (әрекеті):**<br>– Жаңылтпаш: «Балық суда жүзеді»<br>– Сөздер: суық, дымқыл, тегіс<br>**Көркем әдебиет (әрекеті):**<br>– Сурет бойынша әңгіме құрастыру<br>**Қазақ тілі (әрекеті):**<br>– Сөз тіркестері: көк су, үлкен теңіз<br>– Қарапайым жауап беру<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері (әрекеті):**<br>– Биік – аласа толқындарды салыстыру<br>– Күндіз – түнде | Судың пайдасы<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту (әрекеті):**<br>– Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздерді анық, баяу айту<br>– Грамматикалық құрылым:<br>– зат есімнің жекеше, көпше түрі (*балық – балықтар*)<br>– өткен шақ: *«Балық жүзді»*<br>– Сөздік қор: жылдам, баяу, тірі<br>– Қарапайым сөйлемдер құрастыру<br>**Көркем әдебиет (әрекеті):**<br>– «Теңіздегі балықтар» тақырыбында суретке сүйеніп әңгімелеу<br>– Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау<br>– «Егер балық болмаса не болар еді?» ойландыру сәті<br>**Қазақ тілі (әрекеті):**<br>– Көрнекілік арқылы сөздерді тыңдау және түсіну: балық, су, толқын<br>– Сұрақтарға жауап беру:<br>– «Бұл не?»<br>– «Балық қайда жүреді?»<br>– Сөз тіркестері: *балық жүзеді, көк су* | Теңіз көлігі<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту (әрекеті):**<br>– Сөйлеу қарқынын өзгерту: баяу сөйлеу<br>– Сапаны білдіретін сөздер: мөлдір, терең<br>– Қарапайым сөйлемдер құрастыру<br>**Көркем әдебиет (әрекеті):**<br>– «Балық пен кеме» қысқа әңгімесін тыңдау<br>– Кейіпкерлердің әрекеттерін және олардың салдарын талқылау<br>**Қазақ тілі (әрекеті):**<br>– Сөздерді байланыстырып айту: *кеме жүреді, балық жүзеді*<br>– Зат есім мен етістікті байланыстыру<br>– Қарапайым өтініш айту: «Маған беріңізші»<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері (әрекеті):**<br>– Уақытты бағдарлау: таңертең – кешке<br>– Бірдей – тең ұғымдарын бекіту<br>– Кеңістікті бағдарлау: алдында – артында | Мен теңіз туралы не білдім?<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту (әрекеті):**<br>– Байланыстырып сөйлеу:<br>– «Маған теңіз ұнады»<br>– «Мен балық көрдім»<br>– Өткен шақты қолдану: *көрдім, салдым, жапсырдым*<br>– Сөздік қорды қайталау: теңіз, су, балық, кеме<br>**Көркем әдебиет (әрекеті):**<br>– «Теңіз әлемі» тақырыбында қорытынды әңгіме<br>– Кейіпкерлердің әрекеттерін еске түсіру<br>– Жанашырлық пен эмоцияны білдіру<br>**Қазақ тілі (әрекеті):**<br>– Қарапайым диалог құру:<br>– «Бұл не?» – «Бұл балық»<br>– «Балық қайда?» – «Суда»<br>– Сыпайы сөйлеуді бекіту: *рахмет, өтінемін*<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері (әрекеті):**<br>– Тең – тең емес ұғымдарын бекіту<br>– Кең – тар, үлкен – кіші сөздерін қолдану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдары<br>– Кең – тар (теңіз, өзен) | | Танымдық дағды<br>**Математика негіздері (әрекеті):**<br>– Кеңістікті бағдарлау: алдында – артында<br>– Геометриялық пішін: шаршы<br>(кеменің терезесін шаршымен салыстыру)<br>– Заттарды салыстыру: үлкен – кіші балықтар | | – Уақытты бағдарлау: таңертең – кешке |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, аузыға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Ақпан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын аузыға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).<br>**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):**<br>– Теңіз бен мұхит туралы қарапайым түсінік<br>– Суда тіршілік ететін жануарлар бар екенін білу<br>– Табиғатқа қызығушылық таныту<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу (әрекеті):**<br>– Көк түспен теңіз толқындарын салу<br>– Қылқаламды дұрыс қолдану<br>**Мүсіндеу (әрекеті):**<br>– Ермексаздан домалақ балық жасау<br>**Құрастыру (әрекеті):**<br>– Кірпіштерден кеме құрастыру<br>**Жапсыру (әрекеті):**<br>– Дайын балық бейнесін қағазға жапсыру | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):**<br>– Теңіз жануарларын бақылау<br>– «Балық тірі, оны қорғау керек» түсінігі<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу (әрекеті):**<br>– Балықтың суретін салу<br>**Мүсіндеу (әрекеті):**<br>– Ермексазды созу, ширату (балдыр)<br>**Құрастыру (әрекеті):**<br>– Кемені жалғастырып құрастыру<br>**Жапсыру (әрекеті):**<br>– Ұжымдық «Теңіз» композициясы | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):**<br>– Судың тіршілік үшін маңызын түсіндіру<br>– Балықтың суда өмір сүретінін, құрлықта өмір сүре алмайтынын айту<br>– Табиғатқа жанашырлық сезімін қалыптастыру<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу (әрекеті):**<br>– Теңіздегі балықтарды бейнелеу<br>– Бір суретте бірнеше затты орналастыру<br>– Қауіпсіздік пен ұқыптылықты сақтау<br>**Мүсіндеу (әрекеті):**<br>– Ермексаздан балық мүсіндеу<br>– Домалату, созу тәсілдерін қолдану<br>**Құрастыру (әрекеті):**<br>– Кірпіштер мен тақтайшалардан кеме құрастыру<br>– Құрылысты үлгімен салыстыру<br>**Жапсыру (әрекеті):**<br>– Теңіз жануарларын қағаз бетіне орналастырып жапсыру<br>– Ұжымдық жұмысқа қатысу | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):**<br>– Теңіз көлігімен (кеме) таныстыру<br>– Кеменің суда жүретінін түсіндіру<br>– Адам еңбегіне құрмет сезімін қалыптастыру<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу (әрекеті):**<br>– Кеменің суретін салу<br>– Бояуларды алмастырып қолдану<br>**Мүсіндеу (әрекеті):**<br>– Домалату тәсілі арқылы кеме бөлшектерін мүсіндеу<br>**Құрастыру (әрекеті):**<br>– Кемені үлгі бойынша құрастыру<br>– Өз құрылысына баға беру<br>**Жапсыру (әрекеті):**<br>– Толқындарды қағаз бетіне орналастырып жапсыру<br>– Ұқыптылыққа баулу | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру (әрекеті):**<br>– Су – тіршілік көзі екенін түсіндіру<br>– Теңіз жануарларын қорғау туралы әңгіме<br>– Табиғатқа қамқорлық таныту<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу (әрекеті):**<br>– «Менің теңізім» тақырыбында еркін сурет салу<br>– Бояуларды дұрыс пайдалану<br>**Мүсіндеу (әрекеті):**<br>– Апта бойы мүсіндеген балықтарды қайталау<br>– Ұсақ бөлшектерді біріктіру<br>**Құрастыру (әрекеті):**<br>– Кеме немесе теңіз көрінісін құрастыру<br>– Өз құрылысы туралы айту<br>**Жапсыру (әрекеті):**<br>– Апталық жұмыстардан шағын көрме жасау<br>– Ұжымдық композицияны аяқтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алихан мен жұмыс төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелеп үйрету | Олжабек пен жұмыс сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытуға дағдыландыру | Айлин мен жұмыс бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларын үйрету | Алихан мен жұмыс әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп үйрету. | Олжабек пен жұмыс көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салғызуға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Аттап өт»<br>**Міндеті:** Ептілікті дамыту, секіру дағдысын жетілдіру.<br>**Шарты:** Жерге салынған сызықтардан немесе таяқшалардан аттап өту. | «Қояндар жарысы»<br>**Міндеті:** Қос аяқпен алға секіруді жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар белгіленген арақашықтыққа секіріп өтеді. | «Аттап өт»<br>**Міндеті:** Ептілікті дамыту, секіру дағдысын жетілдіру.<br>**Шарты:** Жерге салынған сызықтардан немесе таяқшалардан аттап өту. | «Аю мен аралар»<br>**Міндеті:** Жүгіру, тоқтау, бағыт ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** Аю белгіде қозғалады, аралар қашады. | «Қояндар жарысы»<br>**Міндеті:** Қос аяқпен алға секіруді жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар белгіленген арақашықтыққа секіріп өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |